

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

2016 ж. 2-тоқсанындағы

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА

ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ


Жеке тұлғалардың депозиттер нарығының тенденциясына шолу

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері 2016 жылдың 1 шілдедегі жағдай бойынша 7,1 трлн. теңгеге жетті, ағымдағы жылдың екінші тоқсанындағы өзгеріс +160,1 млрд. теңгені немесе 2,3% құрады.


Есепті тоқсанда жеке тұлғалар депозиттері үлесі бойынша көшбасшылар үштігіне алдыңғы тоқсандағыдай *Халық банкі*, *Қазкоммерцбанк* пен *Kaspi Bank* кірді, олардың үлестері сәйкесінше 20,7%, 19,6% және 9,0% құрап отыр. Сонымен қатар есептік тоқсанда көрсетілген үштіктің ішінде *Kaspi Bank* депозит базасын 17,3 млрд. теңгеге немесе 2,8% және *Халық банкі* 5,1 млрд. теңге немесе 0,4% ұлғайтса, *Қазкоммерцбанкте* жеке тұлғалар депозиттері азайды (-11,6 млрд. теңге немесе 0,8%). Одан басқа, есепті тоқсанда 2016 жылдың 29 сәуіріндегі № 122 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының Қаулысына сәйкес *ЕУ Банкке (ДБ АО «Евразийский банк»)* өз еркімен *Евразиялық банкіне* қосылу арқылы қайта құруды жүзеге асыруға рұқсат берді (№7). 2016 жылдың 3 мамырында *ЕУ Банк* пен *Евразиялық банкі* арасында табыстама актіне қол қойылды, соған байланысты *ЕУ Банктің* бар иелігі, құқығы және міндеттемелері *Евразиялық банкіне* берілді.

Халық салымдарының валюталық құрылымына келсек, есептік тоқсанда ұлттық валютадағы депозиттердің өзгерісі +561,9 млрд. теңгені немесе +32,6%-ті, шетел валютасынды -401,8 млрд. теңгені немесе -7,7%-ті құрады. Шетел валютасындағы жеке тұлғалар депозиттері 67,8% (4,8 трлн. теңге), ұлттық валютада 32,2% (2,3 трлн. теңге) құрады. Осылайша, экономиканы долларсыздандыру бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерін, сонымен қатар ұлттық валютадағы өтемақыны 10 млн. теңгеге дейін көтеру шешімдері біртіндеп өз жемістерін көрсетуде. (І және 2-диаграммалар)

1-диаграмма. Жеке тұлғалардың депозиттік базасының өзгеру динамикасы




2-диаграмма. Жеке тұлғалардың депозиттік базасының құрылымының өзгеру динамикасы (трлн.теңге)



Қатысушы-банктердің депозиттері жиынтық қоржыны жалпы үлесінің 90,9% немесе 6,5 трлн. теңге және тоқсандық ұлғаюы 87,5 млрд. теңге немесе 1,4% болатын мерзімді және шартты салымдардан, жалпы үлесі 8,9% (633,2 млрд. теңге) және тоқсандық өзгерісі +75,6 млрд. теңге немесе 13,6% болатын ағымдағы және карт-шоттардағы қалдықтардан, сондай-ақ жалпы үлесі 0,1% болатын талап етілгенге дейінгі салымдардан тұрады, бұл топтаманың өзгерісі - 3,1 млрд теңгені немесе -23,8% құрады. (3-диаграмма)

3 - диаграмма. Жеке тұлғалар депозиттерінің негізгі категориялар бойынша құрылымы (% бойынша)



Қатысушы-банктердің жиынтық қоржынының 21,9%-тін (немесе 1,6 трлн. теңгені) құрайтын мөлшері 5 млн. теңгеге дейінгі мерзімді және шартты салымдары тоқсан ішінде оң өзгеріс болды және оның мөлшері 88,2 млрд. теңгені құрады. 5 млн.-нан 10 млн. теңгеге дейінгі мерзімді салымдар қарастырылып отырған мерзім ішінде 28,4 млрд. теңгеге көбейіп, 665,0 млрд. теңгені (немесе жиынтық қоржынның 9,4%-тін) құрады.

10 млн.-нан 15 млн. теңгеге дейінгі мерзімді және шартты салымдар 316,4 млрд. теңгені немесе жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы қорының 4,5%-ін құрады. Бұл мөлшердегі салымдардың өзгерісі 9,6 млрд. теңгені құрады, бұл өзгерісті шетел валютасындағы салымдардың 27,3 млрд. теңгеге азаюы қамтамасыз етті. Бұл аралықтағы ұлттық валютадағы салымдар 36,9 млрд. теңгеге немесе 61,7%-ке өсті.

Жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы қорының басым бөлігі әдеттегідей **15 млн. теңгеден жоғары мерзімді және шартты салымдар** еншісінде және есепті тоқсанда олардың үлесі 55,2%-і құрап отыр. Алайда есепті тоқсанда бұл категорияның үлесі 1,0%-ке немесе 38,6 млрд. теңгеге қысқарды.

Жеке тұлғалар депозиттері қоржынының 0,1%-ін құрайтын **талап етілгенге дейінгі салымдарының** өзгерісі -3,1 млрд. теңгені құрады. Бұл өзгеріс шетел валютадағы салымдардың азаюы (-3,4 млрд.теңге) салдарынан болды, ал ұлттық валютадағы салымдар 0,3 млрд.теңгеге ұлғайды.

Ағымдағы және карт-шоттардағы жиынтық қалдықтары бойынша оң өзгерістер орын алды және ол +75,6 млрд. теңгені немесе +13,6%-ті құрады. Бұл өзгерістер ұлттық валютадағы **ағымдағы және карт-шоттардағы жиынтық қалдықтарының** 96,1 млрд. теңгеге көбеюі салдарынан болды, шетел валютасындағы салымдар өзгерісі -20,5 млрд. теңгені құрады.

2016 ж. 1 шілдедегі жағдайы бойынша екінші деңгейдегі қатысушы банктердің жеке тұлғаларының депозиттері бойынша Қор төлеуге тиісті өтелім сомасы 3,2 трлн. теңгені құрады. Есептік күнге Қордың арнайы қоры жарғылық капиталдың есебінсіз 365,3 млрд. теңгені құрады. Қажет болып жатқан жағдайда арнайы қордың тапшылығын толықтыру мақсатында Акционерлер шешімімен Қор жарғылық капиталдың 70%-тін қолдана алады. Мұндай жағдайда ол 486,3 млрд. теңгеге жетеді, немесе өтелуге тиісті жинақы соманың 15,3% және қатысушы банктердегі жеке тұлғалар салымының 6,9% құрайды.

Қор төлеген кепілдік берілген өтемнің жиынтық сомасы **Наурыз Банкі** 2016 ж. 1 шілдедегі жағдайы бойынша 679,6 млн. теңгені ал **Валют-Транзит Банкі** бойынша қосымша өтемді қоса есептегенде 17,8 млрд. теңгені құрады. Қордың **Наурыз Банкінің** ликвидациялық комиссиясынан кепілдік берілген өтемді төлеген сомасы бойынша талаптарын қанағаттандыру барысында алынған сома мөлшері 706,4 млн. теңге немесе ликвидациялық комиссиясына қойылған барлық талап сомасының 91,5%, ал **Валют-Транзит Банкі** бойынша 9,2 млрд. теңге немесе Қордың ликвидациялық комиссиясына қойылған талап сомасының 49,9% (қосымша өтемді қоса есептегенде), (қосымша өтемді есептегенде) жалпы талаптың 65,0 % құрады.

2016 жылдың 1 шілдесіне сәйкес
қатысушы банктердің жеке тұлғалар депозиттері бойынша мәліметтерінің жиынтығы

№ п/п	Аталуы	Сомасы (мың теңге)	2- тоқсандағы өзгерісі (мың теңге)	Шоттардың саны
	Барлық жеке тұлғалар депозиттері теңгемен және шетел валютасымен, оның ішінде:	7 095 305 931	160 081 156	42 028 397
1.	Талап етілгенге дейінгі салымдар, оның ішінде:	9 964 958	-3 105 068	4 249 482
1.1.	<i>теңгемен</i>	3 849 618	307 063	4 154 161
1.2.	<i>шетел валютасымен</i>	6 115 340	-3 412 131	95 321
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі талап етілгенге дейінгі салымдар	1 320 552	-2 933 498	204
2.	Мерзімді және шартты салымдар, оның ішінде:	6 452 178 141	87 547 555	3 422 479
2.1.	<i>теңгемен, оның ішінде:</i>	1 819 085 850	465 470 075	2 532 433
	1 млн. теңгеден аспайтын	331 350 593	25 257 135	2 166 216
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	419 485 174	64 331 853	251 882
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	222 258 048	46 240 556	58 333
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	264 377 952	79 564 981	39 386
	10 млн.-нан бастап 15 млн. теңгеден аспайтын	96 709 471	36 914 245	8 338
	15 млн. теңгеден жоғары	484 904 612	213 161 305	8 278
2.2.	<i>шетел валютасымен, оның ішінде:</i>	4 633 092 291	-377 922 520	890 046
	1 млн. теңгеден аспайтын	89 144 220	-5 036 318	581 597
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	240 764 893	-21 728 438	134 380
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	253 649 164	-20 903 933	65 738
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	400 639 080	-51 140 132	57 691
	10 млн.-нан бастап 15 млн. теңгеден аспайтын	219 642 986	-27 332 947	18 331
	15 млн. теңгеден жоғары	3 429 251 948	-251 780 752	32 309
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі мерзімді және шартты салымдар	556 663 170	-9 235 979	2 443
3.	Ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары (карт-шоттағы қалдықты қоса есептегенде) оның ішінде:	633 162 832	75 638 669	34 356 436
3.1.	<i>теңгемен</i>	461 656 701	96 153 815	32 777 811
3.2.	<i>шетел валютасымен</i>	171 506 131	-20 515 146	1 578 625
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары (карт-шоттағы қалдықты қоса есептегенде)	13 901 529	5 086 037	11 482